

Қазақстан Республикасы Президенті Іс Басқармасының кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 30 желтоқсандағы № 940 қаулысы.

"Мемлекеттік мұлік туралы" 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Қазақстан Республикасы Президенті Іс Басқармасының инженерлік-техникалық орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі – кәсіпорын) құрылсын.

2. Кәсіпорынды мемлекеттік басқару органы, сондай-ақ оған қатысты мемлекеттік меншік құқығы субъектісінің функцияларын жүзеге асыратын орган болып Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы (келісу бойынша) айқындалсын.

3. Кәсіпорын қызметінің негізгі нысанасы қызмет көрсетілетін мемлекеттік органдардың, сондай-ақ заңды тұлғалардың, оның ішінде Қазақстан Республикасы Президенті Іс Басқармасының қарамағындағы объектілерде орналасқан заңды тұлғалардың ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылым, ақпараттандыру объектілерін күтіп ұстау мен дамыту және олардың жүйелері мен технологияларының ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы шаруашылық қызметті жүзеге асыру болып айқындалсын.

4. Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы (келісу бойынша) заңнамада белгіленген тәртіппен:

- 1) кәсіпорынның жарғысын бекітсін;
- 2) кәсіпорынды тіркеуші органдарда мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін;
- 3) осы қаулыдан туындаитын өзге де шараларды қабылдасын.

5. "Қазақстан Республикасы Президенті Іс Басқармасының инженерлік-техникалық орталығы" акционерлік қоғамы таратылсын.

6. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мұлік және жекешелендіру комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен кредиторлардың талаптары қанағаттандырылғаннан кейін Қазақстан Республикасы Президенті Іс Басқармасының "Инженерлік-техникалық орталығы" акционерлік қоғамының қалған мүлкін кәсіпорын теңгеріміне берсін.

7. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтыру бекітілсін.

8. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министри

A. Мамин

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2020 жылғы 30 желтоқсандағы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтыру

1. "Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасының мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 29 қарашадағы № 1455 қаулысында:
көрсетілген қаулыға 2-қосымшада:

акцияларының мемлекеттік пакеттерін, мемлекеттік қатысу үлесін иелену, пайдалану және басқару құқығы Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасына берілетін акционерлік қоғамдардың, жауапкершілігі шектеулі серіктестердің тізбесінде:

"Инженер-техникалық орталығы" АҚ" деген жол алып тасталсын.

2. "Акциялардың мемлекеттік пакеттеріне мемлекеттік меншіктің түрлері және ұйымдарға қатысадының мемлекеттік үлестері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 12 сәуірдегі № 405 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1999 ж., № 13, 124-құжат).

көрсетілген қаулымен бекітілген мемлекеттік акциялар пакеттері мен қатысу үлестері респубикалық меншіктегі акционерлік қоғамдар және шаруашылық серіктестіктердің тізбесінде:

"Нұр-Сұлтан қ." деген бөлімде:

реттік номірі 21-102-жол алып тасталсын.

3. "Респубикалық меншіктегі ұйымдар акцияларының мемлекеттік пакеттері мен мемлекеттік үлестеріне иелік ету және пайдалану жөніндегі құқықтарды беру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 мамырдағы № 659 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген иелік ету және пайдалану құқығы салалық министрліктерге және өзге де мемлекеттік органдарға берілген респубикалық меншік ұйымдарындағы акциялардың мемлекеттік пакеттерінің және қатысадының мемлекеттік үлестерінің тізбесінде:

"Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы" деген бөлімде:

реттік номірі 238-11-жол алып тасталсын.

4. "Қазақстан Республикасы Президенті Іс Басқармасының кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 29 қарашадағы № 1212 қаулысында:

көрсетілген қаулыға қосымша мынадай мазмұндағы реттік номірі 8-жолмен толықтырылсын:

"8. "Қазақстан Республикасы Президенті Іс Басқармасының инженерлік-техникалық орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы респубикалық мемлекеттік кәсіпорны."

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК